



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Ағартушылық дәуірі





Дәрістің мақсаты: XVI–XVIII ғасырлардағы кейбір ойшылдар жан-жақты Құдай бар ма деп ойлана бастаған рухани ізденістер туралы білу.

Сабақтың негізгі терминдері: Ағартушылық дәуірі, натурфилософия, алхимия, деизм, «сиқырдан арылған әлем».

Шіркеу билігі. К. Армстронг осылай деп жазды: «Шіркеу кез келген өзгеріске қарсы болды – шын мәнінде барлық басқа институттар сияқты, себебі сол уақытта консерватизм рухы барлық жерде билік жүргізді. Шіркеу басқа институттардан ерекшеленді. Өйткені ол оппозицияға қарсы тұру үшін жеткілікті билікке ие болды және зияткерлік конформизмді тудыруда керемет тиімділікке қол жеткізген орнықты машинаны ұсынды. Галилейді айыптаудың әсері ретінде католиктік мемлекеттерінің бәрінде ғылыми ізденістерге тиым салынды. Осыған қарамастан көптеген ғалымдар католиктік идеалдарға адал болды. Католик шіркеуі Гелиоцентрлік жүйені Құдайға (Жаратушыға) сенуіне қауіп төндіргендігі үшін емес, бұл теория Киелі жазбаларда жазылған Құдайдың сөзіне қайшы келгендігі үшін айыптады.

Ғылыми таным мен дін. Ғалымдар Құдайға сенбегендігінде емес мәселе. Мәселе олар оған өз бетінше сенгенінде. Мысалы, 1642 жылы дүниеге келген ұлы Исаак Ньютон өте діндар адам болды. Ол математикалық және физикалық зерттеулерден гөрі теологияға көп күшін жұмсады.

Дәлірек айтқанда, оның барлық зерттеулері оның діни көзқарасы – пантеизмнің бір түрінде көрініс тапты. Ол Құдайдың Әлемнің барлық нүктелерінде материалдық тұрғыда екеніне сенді. Ньютон түпнұсқадағы Киелі кітапты талдау үшін алхимиямен айналысты, еврей тілін зерттеді. Киелі кітапта ол теология мен табиғи оқиғаларға ғана қызыққан жоқ. Қырық жыл бойы ол библиялық оқиғалардың хронологиясын зерттеді және бұл туралы бөлек еңбек жазды. Көптеген теологиялық мәселелер бойынша Ньютон шіркеу тарапынан айыпталып, ариандық герцизм ретінде қарастырған көзқарастарға сүйеніп, Үшбірлікті жоққа шығарды. Алайда құдалаудан қорыққандықтан, өзінің теологиялық зерттеулерінің нәтижелерін ішінара және тіпті қайтыс болғанға дейін жариялады.

Ағартушылар құдайы. К. Армстронгтың жазуы бойынша: атеизм әлі де жеккөрініш сезімін қоздыратын. Ілгеріде біз Ағартушылық дәуір философияларының көбі іштей Құдайдың барлығына шек келтірмегендігін көреміз. Дегенмен Құдайдың нақты дерегіне күмәнмен қарайтындар да пайда бола бастады. Мұны алғашқылардың қатарында жіті түсініп, атеизмге байсалды түрде назар аударғандардың бірі француз физигі, математигі және теологы Блез Паскаль (1623–1662) болатын. Ол аурушаң болып, басқа құрбы-құрдастарынан ерте жетілгендігімен ерекшеленді. Он бір жасар Блездің жасырын түрде Евклидтің алғашқы жиырма үш постулатын өз бетінше шешкенін білген ғалым әкесі оны өз тәрбиесіне алды. Соңыра Паскаль есептегіш құралды, барометр мен гидравликалық құрылғыны ойлап тапты. 1654 жылдың 23 қарашасында Блездің өзі «кешкі сағат он жарымнан түнгі бір жарымға дейін» созылған бір діни әсерді бастан өткерді. Осының арқасында ғалым өз сенімінің қасаң және салғырт екенін сезді.

Неміс философы Иммануил Кант «жақсы өмір сүру үшін, адамдарға жақсы істері үшін марапаттайтын басқарушы керек» деп санайтын. Осы тұрғыдан алғанда, Құдай жай ғана этикалық жүйеге қосылады, кейіннен кейінгі секілді. Діннің басты орнын енді Құдайдың құпиясы емес, адамның өзі алады. Құдай адамдарға тиімді және моральдық әрекет етуге мүмкіндік беретін стратегияға айналды. Көп ұзамай көптеген ойшылдар Канттың идеалын көтереді, алға тағы бір қадам жасайды және жалпы алғанда аса маңызды емес Құдайдан бас тартады», – деп жазады К. Армстронг.

Дәрістің соңында, Еуропадағы XVII–XVIII ғасырларда ғылыми-техникалық революцияның әсерінен кейбір ойшылдар алғаш рет Құдайдың бар екеніне күмәнданады, ал басқалары Құдай адамзатты және әлемді ақылмен бақылаушы ретінде қажет деп санағанын еске саламыз.

XVII–XVIII ғасырлардағы Ағартушылық дәуір – рационализм және еркін ойлаумен сипатталатын Еуропа мәдениетінің тарихи кезеңі.

Натурфилософия (лат. *natura* – табиғат) – рационалды түрде табиғаттың тұтастығы мен оның алғашқы бастамасын тануға тырысқан табиғат философиясы.

Алхимия – натурафилософияның ерекше аумағы, ғылыми химияның алдыңғы кезеңі, сонымен қатар, рухани практика.



Дейзм (лат. deus – Бог) – Құдайдың барын және әлемнің жаратылғанын мойындайтын, діни-философиялық бағыт, бірақ табиғаттан тыс және мистикалық құбылыстарды, Құдай аяны және діни догматизмді жоққа шығарады.

Әлемді сиқырдан арылту – табиғат пен әлемді мифология арқылы мистикалық және табиғаттан күштер арқылы түсіндіруден бас тарту процесі.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Дж. Бруноның діни көзқарастары туралы ойыңызды айтыңыз.
2. И. Ньютонның діни көзқарастары туралы ойыңызды айтыңыз.
3. I Карлдың жазалағаннан кейінгі Англиядағы апокалипсистік көңіл күй туралы ойыңызды айтыңыз.
4. Гермес Трисмегистен К.Г. Юнгке дейінгі алхимия жөнінде түсінгеніңізді айтыңыз.
5. Барух Спиноза Құдайды қалай түсінді?
6. Иммануил Кант Ағартушылықты қалай түсінді?

Бақылау сұрақтары

1. Неліктен Коперниктің гелиоцентрлік көзқарасына шіркеу тиым салды?
2. И. Ньютон бойынша Әлемде Құдай қандай орын алды?
3. Декарттың Cogito ergo sum сөзі нені білдіреді?
4. Ф.М. Волтердің пікірі бойынша дін қандай болуы керек?
5. И. Кант пікірі бойынша Құдай не үшін керек болды?
6. Ақын Шиллер «Сиқырдан арылған әлем» туралы өкіне отырып, нені меңзеді?